

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕСМИ, ТӘУЕЛСІЗ, САЛАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР

Қойшыбек Кәмшат Талғатқызы,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Kamshat.koishybek@mail.ru

Ғылыми жетекші-Алдабергенов Қырықбай Мазанұлы, т.ғ.д., профессор

krykbai@mail.ru

Жаһандану кезеңінде электронды басылымдардың рөлі артып, ақпарат алудың ең жылдам құралына айналғанымен, баспа БАҚ-тары өз өміршеңдігін сақтап қалуда. Себебі, олар онлайн басылымдарынан жеделділікпен емес, сапамен озады. Мемлекеттік уәкілетті органдардың статистикасына сүйенсек, Қазақстанда 2019 жылы 3520 БАҚ тіркелсе, соның 2886 баспа өнімдері екен. Бұл бұқаралық ақпарат құралдары саласында газет, журналдардың үлесі бұрынғысынша ең негізгі орында екендігінін көрсетеді. Мерзімді басылымдардың кең тараған түрі- газеттер. Бұған зерттеуші С.Оспанұлы: *«Газеттің басқа мерзімді баспасөзден/журнал, бюллетень, т.б басты айырмашылығы: қоғамдық өмірдің ағымдағы сан алуан оқиғаларына жедел үн қосып, олар жөнінде оперативті материал жариялайды. Ол формат, көлем, шығарылу мерзімі /күнделікті, жетісіне бірнеше рет/ жағынан да өзгеше келеді. Газет- өмір айнасы, қоғамдық пікірдің жаршысы»* [1],-деп анықтама берген. Бұл ретте газеттер шартты түрде: ресми, тәуелсіз, партиялық, салалық басылымдарға бөлінеді. Сондықтан олар бұқараның әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өмірінде салмақты рөл атқарады. Елбасы Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында баспасөздің қоғамдағы орны туралы: *«Газеттер мен журналдарға арқа сүйеместен өз саясатыңды қалай жүргізіп, реформа мәнін қалай ұғындыруға болатынын түсінбеймін. Егер ең бұқарашыл саяси мінберден айырылсақ, жұртты өз іс-әрекетіміз туралы, аймақтардың даму перспективасы туралы, мәселені шешудегі көзқарастар туралы қалайша хабардар етпекпіз»*-дейді [2]. Яғни, елімізде бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыруда газет- журналдардың ықпалы ерекше.

Мысалы, Республикалық «Егемен Қазақстан» газеті солардың ішіндегі бірегей ресми басылымдардың бірі. Ондағы саясат, тұлға, экономика, мәдениет, әдебиет айдарларындағы мақалалар өмірдің барлық салаларын қамтуға ұмтылады. Мәселен, 2015 жылдың 22 желтоқсанындағы санында «Саясат» айдарында «Серіктестіктің соны сатысы» мақаласында Кремльде ҰҚШҰ-ға мүше елдердің қатысуымен өткен Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында әлемдегі қауіпсіздікті арттыру мақсатында қабылданған шешімдер туралы: *«Сондықтан, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің президенттері қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде, жағдай сәт сайын өзгеріп шыға келетін құбылмалы уақытта тың әдіс-тәсілдердің қажет екенін түйсініп, ұғына түсуде. Бұған кейбір «ескі жаралар» аузының қайта ашылуы «жаңа сырқаттардың» дендей бастауы да әсер етуде. Жалпы, бүгінде аталған Ұйымның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – әлемде және Орталық Азияда айрықша сезіліп тұрған халықаралық терроризм мен экстремистік ұйымдардан төнетін қауіп-қатерлер. Мәселен, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің жекелеген азаматтары радикалды құрылымдарға қосылып, заңға қайшы іс-әрекеттерге қатысу үшін Таяу Шығыстағы және Ауғанстандағы соғыс ошақтарына баруы жиілей түсуде. Сол себепті, мемлекет басшыларын өңірде, оның ішінде Ауғанстанда қалыптасқан жағдай, лаңкестік топтардың өздерінің «белсенді іс-әрекеттерін» Орталық Азияға кеңінен таратуға барынша ұмтыла түсуі алаңдатып отыр. Демек, бұған қарсы ісқимыл жасау ҰҚШҰ-ға мүше елдер тарапынан тиімді шаралардың қабылдануын талап етеді. Ал дүниежүзі құбылмалы жағдайды бастан кешіп*

отырғандықтан, Ұйымға артылар жауапкершілік жүгі де күн өткен сайын арта түсетіні белгілі» [3],-деп жазылған. Бұл жерде автор өз материалында жиында қаралған шешімдерді талдай отырып, бірқатар маңызды үрдістерді дұрыс болжай алған деуімізге болады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, әлемге төндірілетін қауіп-қатерлердің біразы серіктестіктің арқасында оң шешімге келетінін халықтың тілімен жұртшылыққа түсінікті тілмен дұрыс ұсынған. Ал, осы басылымның 2014 жылдың 1 қарашадағы нөмірінде «Мәселенің мәнісі» айдарында «Жер дауы заңмен шешіледі» мақаласының негізгі өзегі жер жайы. Онда: «Астана іргесіндегі Целиноград ауданында жұртшылықтың жер телімін өз бетінше иеленуі көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, бұл мемлекеттің мүлктік құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы ғана емес, сонымен қатар, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алуға кезекте тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының мүддесін белден басу деген сөз. Әсіресе, Қоянды ауылындағы жағдай алаңдаушылық тудырып отыр. Мұнда 5400 адам заңды кезекте тұрғанымен, оның алға жылжуы мардымсыз» [4],-делінген. Мақаланың авторы жер участклерін заңсыз сататын тұлғаларға азаматтардың назарын аудартып, абай болуға шақырады. Осы мақалалар газеттің әрбір оқырманының жүрегінен жол тапты. Халық осы газетті оқып ғана ресми ақпаратқа көз жеткізетін болды.

Сондай-ақ, газеттің әрбір нөмірінде түрлі танымал адамдармен сұхбаттарды кездестіреміз. Мысалы, 2013 жылдың 8 ақпанындағы нөмірінде «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасының шарттары жөнінде жасалған Жылжымайтын мүлік қорының басқарма төрағасы Болат Палымбетовпен «Баспаналы болудың жолдары қандай?» атты сұхбат жарияланды. Сұхбатта құрылыс барысында салынып жатқан үйлерге қойылатын талаптар, пәтерлердің бағасы туралы сұрақтар бойынша әңгіме қозғалды. 2016 жылдың 28 желтоқсанындағы санында 1962 жылы жарық көрген «Таңшебер – Жапал», 1968 жылы шыққан «Ортақ арал», 1985 жылғы «Шыңғыстау сазы», 1991 жылғы «Дастандар» жинақтарының авторы, ақын Шәкір Әбеневпен көлемі екі бетті алатын сұхбат бар. Сұхбаттан Шәкір Әбеневтың өмірі мен шығармашылығы және 90 жастағы қарттың тамағы қарлықпай, үні барлықпай, бойын жинақы да тік ұстап 1991 жылдың 16 желтоқсанында Елбасына берген бата оқиғасын оқуға болады. Осылайша, газет өз сұхбаттары арқылы халықтың көкейінде жүрген сұрақтарына бірге жауап іздейді. 2017 жылдың 12 сәуірінде ҚР тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы жария болды. Осы бағдарламалық мақалада көтерілген мәселелер бойынша «Егемен Қазақстанның» 2017-2019 жылдар аралығындағы шығарылымдарында «рухани жаңғыру», «руханият», «туған жер» айдарларымен көптеген мақалалар жазылды. 2017 жылдың 13 сәуірдегі шығарылымында «рухани жаңғыру» айдарында мынадай мақалаларды кездестіреміз: «Тарихи таңдау», «Болашақ бағдарымызды айқындады», «Зор толғаныстан туған игілікті шешім». Ал, 2018 жылдың 18 қаңтарында «Әдіснамалық ұйғарымның маңызы», «Сарыарқаның тағдыры шешілген жер» атты мақалалар берілген. Бұл мақалалардың негізгі идеясы рухани жаңғыру мәселелері негізінде қоғамдық сана мен көзқарастарды қалыптастыру.

Елбасы мақаласының елімізге маңызын осылайша түсіндірудің бір жарқын мысалы 2017 жылдың ең айтулы оқиғасы ЭКСПО көрмесінің біздің елімізде өткізілуі еді. Осы іс шараның барысы туралы газет өз беттерінде халықты былайша хабардар етті: «Ашылғаннан соңғы алғашқы аптада-ақ ЭКСПО-2017 көрмесіне күнделікті келушілер саны орташа 22 840 адамды құрағанынан-ақ халық қарасының аз болмайтыны байқалған. Тіпті көрмені жарты миллион адам алғашқы жиырма күнде-ақ аралап шықты. Келушілер саны қазірдің өзінде 1 жарым миллионға жуықтап қалды. Нақтырақ айтсақ, өткен апта дағы соңғы деректер бойынша, көрменің ашылуынан бері келушілердің жалпы саны шамамен 1 миллион 200 мыңды құраған. ЭКСПО-ның барлық нысандарының келушілерін есептегенде, 9 миллионға жуық адам келген» [5]. Яғни, бұл статистика арқылы елімізде осындай іс-шаралардың өтуі Қазақстанның беделін биіктетіп жатқандығын көруімізге болады. Мақаланың айтар ойы да осыны негізге алатындай.

Сонымен, жоғарыда келтірген бірнеше мысалдардан «Егемен Қазақстан» газеті Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай «Халықтың көзі, құлағы Һәм тілі» болуға лайық басылым екендігін байқатты.

Елімізде егемен ел атанғанынан бері тәуелсіз басылымдардың саны өсті. Солардың бірі «Дат» газеті. Онда көбінесе қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық салаларда орын алып отырған кемшіліктер жайлы материалдар жарияланады. Мысалы, оның 2015 жылдың 8 қаңтарындағы санында «Солтүстік аймақты қалай қазақыландырамыз» мақаласында: *«Ал Солтүстік Қазақстан облысының Ресеймен шекаралас ауылдарынан қазақ атаулыны саусақпен гана санап аларлық жағдай қалыптасты. 2011 жылғы статистикалық мәліметтерге сенетін болсақ, Солтүстік Қазақстан облысындағы жалпы халық саны – 588 910 адам болған. Осы дерек бойынша, облыс халқының ұлттық құрамы мынадай болған: Орыстар — 50,43%, қазақтар — 33,30%, украиндар — 5,00% немістер — 3,49%, поляктар — 2,34%, татарлар — 2,18%, белорустар – 1,15% басқалары – 2,11 %»* [6],-деген проблемалық мәселелер көтерілген. Осыған орай автор тарапынан: *«Біздің биресми ақпарат көздеріміздің хабарлауына қарағанда, жуықта үкімет вице-премьерлігі қызметіне тағайындалған Бердібек Сапарбаев мырзаға осы «облыстарды қазақыландыру» міндеті қосымша жүктелген сыңайлы. Егер бүгінгі геосаяси жағдайда елдің шекаралас аймақтарын қазақыландыру жағдайы мемлекеттік Һәм ұлттық қауіпсіздік мәселесінің алдыңғы әрі басыңқы бағытына шығар болса, бұл саламен басы бүтін айналысатын арнайы министрлік қажет. Үкімет басындағы бір вице-премьерге бұл проблемамен тікелей айналысатын құзірет берілуі тиіс* [6],-деген сияқты пікірлер ұсынылған.

Ал, осы газеттің 2017 жылдың 14 қыркүйегіндегі № 33 шығарылымында «Талап етеміз» атты Елбасы Н.Назарбаевтың атына жолданған мынадай ашық хаттың көшірмесі берілген: *«Сондықтан Алашорда қозғалысының 100 жылдығын: а). Әр бала-бақша, оқу орындары, барлық компаниялар мен мекемелерде өткізу; ә). Мектеп, ЖОО бағдарламаларына «Алаштану және Алашорда» пәнін енгізіп, энциклопедиялар және алашордалықтардың толық еңбектерін шығару; б). Алашордашылардың суреттері (портреттері) бала-бақшалардан бастап... қала, облыс әкімшілігі мен Үкімет, Президент әкімшілігінің кабинеттерінде тұрақты болуын бекіту; в). Алашордашыларға ескерткіш орнату, көше, парк, қала аттарын беруді заңдастыру. Бұл шаралар Қазақ елінің рухани және интеллектуалдық дамуы жолына түсіретін қарымды қадамдар болмақ»* [7]. Осындай бірнеше мақалалардан еркін баспасөзіміздің болмысын көре аламыз. Олардың бағыты билік тарапынан қолдау таппай жатса да, «Дат» басылымы Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі маңызды мәселелердің шешім табуына, сөз бостандығының қалыптасуына қызмет ете бермек.

Бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің рөлі артқалы бері қазақ журналистикасында салалық газеттердің ерекше шоғыры қалыптасты. Бұл феномен, қазіргі медиа нарықтың бір сегментін құрайтын спорттық баспасөзге де қатысты. Мысалы, «Қазақ спорты» газеті - 1959 жылы спорт журналистикасының алғашқы қарлығашы ретінде шыға бастаған «Спорт» газетінің заңды жалғасы. Газетке әр жылдары қазақ журналистикасының корофейлері Сайын Тұрсынов, Несіп Жүнісбайұлы сияқты қаламы жүйрік редакторлар басшылық жасаған. Қазіргі бас редакторы белгілі журналист, публицист, ғалым Дүрәлі Дүйсебай. Әлем және ел спортының жеңісі мен жеңілісін саралайтын басылымның 2019 жылдың 12 наурызындағы шығарылымында «Тарихта тұңғыш рет», «Жүзіп жүріп жүлде тердік», «Әлем рекордын жаңартты» атты спорттық шолулар жазылған. Бұл шолулардың тілі спорттың эстетикалық және эмоционалды құрамдарын сипаттайды. Оларды оқып, жарыс рухын бірден сезінесің. Жалпы, спорттық газеттердің ерекшелігі де осында. Сондай-ақ, газеттің осы санында еліміздің атын талай рет шығарып жүрген жас спортшылар, мәнерлеп сырғанаудан Универсиада ойындарының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаева мен велошабандоз Бақтияр Қожатаевпен сұхбаттар жарияланған. Авторлар спортшыларды мәнді әңгімеге тартып, олардың

тәжірибелерімен оқырмандарды таныстыра алған. Мұндай сұхбаттардың газет бетінде жиі берілгені ұлт пен қоғамның спорттық рухын өсіреті сөзсіз. Жоғарыда аты аталған материалдардың патриоттық тәрбие ретіндегі рөлін де атап өткен жөн. Себебі, халықаралық аренадағы спортшылардың жоғары жетістіктері өз еліне деген мақтанышын, спорт мақтаныштарына еліктеуге ұмтылыс тудырады. Жалпы, бұл газет өз тарихында онлайн басылымдардың дамуымен талай қиындықтар мен өзгерістерді басынан кешіруде десек те әлемдік тенденциядан қалыспай келе жатқан бірден-бір басылым екендігіне айтқанымыз жөн.

Қорытындылай келе айтарымыз бұл газеттер кейінгі ұрпаққа өз кезеңінің бейнесін жеткізетініне сенім мол. Өйткені, біз сөз еткен газет беттерінде тек ақпарат ғана емес, қоғам мен билік, адам өмірінің шынайы шежіресі берілген. Ал, оған ешқандай онлайн журналистика бәсекелес бола алмайды. Мүмкін, біз қозғаған газеттердегі мақалалар жеке ғылыми тақырып болуға әбден лайық та болар. Сондықтан, бұл тақырып әлі де болса өз зерттеушілерін күтіп те жатқан болар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Оспанұлы.С. Публицистика. Алматы.:Саға баспасы, 2011, 23 бет
2. Назарбаев.Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қ.Р.Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2007.
3. Еділқызы.Л. Серіктестіктің соны сатысы. // Егемен Қазақстан №243, 2015.
4. Амалбек.Б. Мәселенің мәнісі. // Егемен Қазақстан №214, 2014.
5. Бітік.Д. Беделді шара бел ортаға жетті. // Егемен Қазақстан №140, 2017.
6. Қызырбекұлы.Е. Солтүстік аймақты қалай қазақыландырамыз? // Дат № 01, 2015.
7. Ашық хат. Талап етеміз! // Дат №33, 2017.